

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Алматы қ.,

2025 жылғы 01 тамыз

KASE Клиринг орталығы NTPro платформасы арқылы шетел валютасымен биржадан тыс жасалатын мәмілелер бойынша клиринг және есеп айырысу қызметтерін, сондай-ақ орталық контрагент қызметтерін көрсете бастады

"KASE Клиринг орталығы" (бұдан әрі – Клиринг орталығы, KACC)) 2025 жылғы 1 тамыздан бастап NTPro платформасында шетел валютасымен биржадан тыс жасалатын мәмілелер бойынша клиринг және есеп айырысу қызметтерін, сондай-ақ орталық контрагент қызметтерін көрсетуді бастайтынын хабарлайды.

NTPro платформасы – биржадан тыс валюта нарығында валюта жұптарымен жасалатын сауда-саттықты автоматтандыруға арналған шешім.

Клиринг орталығы NTPro платформасында жасалған мәмілелер бойынша орталық контрагент және есеп айырысу ұйымы ретінде әрекет етеді. NTPRO қатысушылары Клиринг орталығы арқылы клирингілік және есеп айырысу опциясын пайдаланатын "Келіссөз операциялары" (NTPL) режимінде ресімделген мәмілелер Клиринг орталығының клирингілік қызметтерін көрсетуі үшін "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) валюта нарығының ASTS+ сауда-клиринг жүйесіне автоматты түрде ауыстырылады. Бұл қатысушыларға биржадан тыс нарықта тікелей немесе жеткілікті шектеуі жоқ контрагенттермен мәміле жасау үшін қолжетімді Клиринг орталығы лимиттерін пайдалануға мүмкіндік береді.

NTPro платформасында және Биржаның валюта секторында жасалған транзакциялар ортақ клирингілік пулға біріктірілген. Бұл өтімділікті басқаруды жеңілдетеді және нарық қатысушылары үшін есеп айырысуды икемді және ыңғайлы етеді. Мұндай мәмілелер бойынша барлық таза есеп айырысуды Клиринг орталығы Биржаның валюта секторындағы мәмілелер жасалатын ережелерге сәйкес жүргізеді.

Клирингілік қызмет көрсетуге Биржаның валюта нарығында сатылатын валюта жұптары үшін NTPro платформасында жасалған мәмілелер қабылданады, атап айтқанда:

- USD/KZT
- RUB/KZT
- CNY/KZT
- EUR/USD
- EUR/KZT
- USD/CNY
- EUR/CNY

Клирингілік қатысушылар үшін NTPro платформасын пайдаланудың артықшылықтары:

- **Контрагенттер аясын кеңейту.** Қатысушылар белгілі бір контрагент бойынша шектеу қолданбай мәміле жасай алады, бұл сауда-саттықтың әлеуетті көлемін айтарлықтай ұлғайтады.

- **Несиелік және есеп айырысу тәуекелін азайту.** Барлық мәміле "KASE Клиринг орталығы" АҚ арқылы жүргізіледі, ол әрбір мәміленің бір тарапы болып, бір орталықтан есеп айырысуды қамтамасыз етеді.
- **Биржадан тыс және биржалық мәмілелер неттингі.** NTPro платформасында жасалған мәмілелер биржалық мәмілелермен бір позицияға біріктіріледі, бұл портфельді басқаруды және есеп айырысуды жеңілдетеді.
- **Бірыңғай қамтамасыз ету пулы.** Қамтамасыз ету бір мезгілде биржалық мәмілелер үшін де, биржадан тыс жасалған мәмілелер үшін де қолданылады, бұл оны пайдаланудың тиімділігін арттырады.
- **Орындау кепілдігі.** Бір орталықтан жүргізілетін клиринг пен есеп айырысу міндеттемелердің орындалуының сенімділігін қамтамасыз етеді.
- **Сауда-саттық алдында қамтамасыз етуді тексеру.** Жүйе мәмілені жасамас бұрын қажетті кепіл затының бар-жоғын нақты уақыт режимінде тексеруге мүмкіндік береді.

NTPro платформасында жасалған мәмілелерге көрсетілетін клиринг қызметіне қосылу үшін қатысушы платформаға тіркеліп, оның қатысушысы болуы, сондай-ақ "Қазақстан қор биржасы" АҚ мүшесі мәртебесіне ие болуы керек. Сонымен қатар сауда-саттық ортасында клирингілік қатысушы мәртебесін алу және биржадан тыс жасалған мәмілелерді бір орталықтан клиринг және есеп айырысу жүйесіне аударуға мүмкіндік беретін арнайы шлюз арқылы ASTS+ сауда-клиринг жүйесіне техникалық қол жеткізуді қамтамасыз ету қажет.

"NTPro платформасында жасалған биржадан тыс мәмілелер бойынша клирингілік қызметтерді енгізу – неғұрлым ашық, сенімді және тиімді валюта нарығын қалыптастыру жолындағы маңызды қадам. Біз қатысушыларға бір орталықтан клиринг және есеп айырысу мүмкіндігін береміз, бұл тәуекелді азайтады және әлеуетті контрагенттер ауқымын кеңейтеді. Бұл шешім процестерді жеңілдетіп қана қоймай, валюта нарығындағы өтімділіктің өсуіне ықпал етеді", – деп атап өтті "KASE клиринг орталығы" АҚ Басқарма төрағасы Наталья Хорошевская.

Анықтама үшін

"KASE клиринг орталығы" АҚ биржаның еншілес ұйымы – "eTrade.kz" ЖШС-ны қайта ұйымдастыру арқылы құрылып, 2022 жылғы 21 маусымда тіркеуден өтті. КАСС Биржаның 2024 жылға дейінгі Даму стратегиясының "Инфрақұрылымның негізгі элементі ретінде Орталық контрагентті дамыту" бағытына сәйкес құрылды. 2024 жылғы 3 маусымнан бастап Клиринг орталығы клиринг және есеп айырысу қызметін жүзеге асырады, сонымен қатар KASE-нің барлық нарығында орталық контрагенттің функцияларын атқарады.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz